

"Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 ақпандағы № 47 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Теменов

Әкімдіктің

2022 жылғы 18 ақпан

№ 47 қаулысымен

бекітілген

"Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі) әкімнің және жергілікті мемлекеттік басқарудың қызметін қамтамасыз ету саласында

басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің ведомство бар:

"Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Болашақ" стадионы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және қазақ тілінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110400, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Әуликөл ауылы, Байтұрсынов көшесі, 1-Г.

10. Осы Ереже Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі құрылтай құжаты болып табылады.

11. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Әулиекөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөліміне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің дене шынықтыру және спорт саласындағы саясатын өмірге енгізу;

2) дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың қатысушылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау;

3) ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту;

4) дене шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

белгіленген заңнамалық тәртіппен "Әулиекөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен мүдделерін, оның ішінде соттарда қорғауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

"Әулиекөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзырына жататын мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға түсінік беру;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттер:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Президенттің, Үкіметтің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімі мен әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді жүзеге асыру

.

15. Функциялары:

1) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалу орындарында спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды;

2) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері бойынша аудандық спорттық жарыстарды өткізеді;

3) спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларды даярлауды және олардың облыстық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

4) аудан аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

5) аудан аумағында аудандық дене тәрбиесі-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

6) спортшыларға: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік разрядты спортшы спорттық разрядтарын беру және олардан айыру бойынша мемлекеттік қызметін көрсетеді;

7) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру және олардан айыру бойынша мемлекеттік қызметін көрсетеді;

8) Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғын үй беру бойынша мемлекеттік қызметін көрсетеді;

9) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін іске асырады;

10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз етеді;

11) Спорттық атақтар, разрядтар және біліктілік санаттарын беру және олардан айыру, омырауға тағатын белгілер беру қағидаларына, сондай-ақ олардың сипаттамасына және Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғын үй беру және оларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді пайдалану қағидаларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

12) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

13) халыққа арналған спорт секцияларының жұмысын қамтамасыз ету және спорттық іс шараларды өткізу мақсатында сабақтан тыс және кешкі уақытта спорт ғимараттарын білім беру ұйымдарын пайдалану жөнінде шаралар қабылдайды;

14) бюджет қаражатының көлемі шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын қаржыландыруға арналған мемлекеттік спорттық тапсырысты бекітеді;

15) мемлекеттік спорттық тапсырысты балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық Тапсырыс қызметтерін жеткізушілердің меншік нысанына, олардың ведомстволық бағыныстылығына, түрлері мен түрлеріне қарамастан орналастыруды қамтамасыз етеді;

16) мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастырудың, сапаны бақылаудың және нысаналы игерудің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда орындалуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 15.12.2025 № 218 қаулысымен (22.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөліміне басшылықты Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін білдіреді;

2) "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

4) "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді және жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады;

5) бұйрықтар шығарады;

6) қызметтік құжаттамаға қол қояды;

7) "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне жатқызылған мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тағайындайды, босатады, тәртіптік жазаға тартады және оларға қатысты көтермелеу шараларын қолданады;

8) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шеңберінде өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

19. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы басқарады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.